



Өз мүмкіндігімізді таныық



Сабақ мақсаты: Әр оқушының өзіндік мүмкіндіктерін танып, оларды қабілеттеріне орай дамытуға жағдай туғызу.

Міндеттері:

- Білімділік: Оқушыларға адам бойындағы ізгі қасиеттері туралы түсінік беру;
- Дамытушылық: Әр оқушының өз мүмкіндігін танып дамытуына ықпал ету;
- Тәрбиелік: Өз мүмкіндіктерін бағалай және іске асыра білуге тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

□ Ұйымдастыру кезеңі.

Тыныштық сәті.

Жағымды күйге келу
(*Жайлы, баяу музыка
ойнап тұрады*)

Нұрға бөлену





□ Үй тапсырмасын тексеру
«Менің атым Қожа» үзінді Б.
Соқпақбаев рөлге бөліп оқып
келу.
Бейне баян көрсетіледі

Әдебиет пәні мұғалімі: Балалар, менің сендерге арнап әкелген
карточкам бар сондағы тапсырмаларды орындандар:

Сұрақ:

1. Қожа қандай бала?
2. Қожаның қандай жағымды жақтары бар?
3. Сенің ойыңша Қожа өз уәдесін орындай алады деп ойлайсындар ма?

Қорытынды:

Ендеше, балалар әрқайсымыз осындай мүмкіндіктеріміз бен қабілеттерімізді
өткізіп алмайық.



□ Жағымды ой-пікір. Дәйексөз.
«Жақсының жақсылығын айт нұры
тасыын»

Халық сөзі

Сұрақ :

1.Мақалдың мағынасын ашыңдар?

Қорытынды: Олай, болса балалар әр көрген жақсы істерді мадақтап, бір - біріміді құрметтейік.





□ Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс

Тапсырма:

1 топ « Адалдық- ардың ісі» эссе жазу

2 топ «Әңгіме» бойынша сурет салу

3 топ «Ұрлық түбі қорлық» мәтін жазу





□ Топпен ән айту.

Асыл арман
Сөзі Б.Тәжібаевтікі
Әні Е.Хасанғалиевтікі
Арманым, ақ сәулелі күнімбісің,
Әлдебір алаулаған гүлімбісің?
Әлдебір желпіп өткен самал ма едің?
Арманым, айтарым көп саған менің.

Қайырмасы:

Асыл арман, асыл арман.
Көгімде шалқып ұшқан құсым ба едің?
Асыл арман, аспанымда жарқылдаған құсым ба едің,
Мен сенің құдіретіңе, мен сенің құдіретіңе
түсінбедім.

Арманым, құздан құлар бұлақпысың?
Әлдебір күлімдеген шырақпысың?
Әлдебір албыраған ай ма екенсің,
Арманым, айтшы маған қайда екенсің?

Қайырмасы

Асыл арман, асыл арман.
Көгімде шалқып ұшқан құсым ба едің?
Бұл өмірде, бұл өмірде,
Мен жайқалған алау гүлмін,
Арманым, күнде сені, арманым күнде сені іздеп
жүрмін.

*Үй тапсырмасы. № 4 сабақ 16 беттегі «Адам мүмкіндігін білеміз бе?» оқып мазмұндап келу.



Соңғы тыныштық сәті.

Сергіту сәті «Күмісқұмған-ай»

Сабақтың қорытынды сәті

